

«Қазақстан халқына» ҚҚ
Басқармасының
2024 жылғы «11» шілдедегі
шешімімен
БЕКІТІЛДІ
(№ 25 хаттамасы)

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қорына келіп түсетін
өтініштер мен өтінімдерді қарастыру
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Астана қ. 2024 жыл

Мазмұны

| | |
|---|----|
| 1-бөлім. Жалпы ережелер..... | 3 |
| 2-бөлім. Жеке және заңды тұлғалардан atamekenim.kz порталы және электронды құжат айналымы жүйесі арқылы келіп түсетін өтініштерді қабылдау және қарастыру тәртібі | 4 |
| 1-тарау. Жалпы тәртіп..... | 4 |
| 2-тарау. Жеке тұлғалардың өтініштерін бірінші кезеңде қарастыру тәртібі..... | 4 |
| 3-тарау. Жеке тұлғалардың өтініштерін екінші кезеңде қарастыру тәртібі..... | 5 |
| 4-тарау. Заңды тұлғалардың өтініштерін бірінші кезеңде қарастыру тәртібі..... | 5 |
| 5-тарау. Заңды тұлғалардың өтініштерін екінші кезеңде қарастыру тәртібі..... | 6 |
| № 1 қосымша | 7 |
| № 2 қосымша..... | 9 |
| № 3 қосымша..... | 10 |

1-бөлім. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына (бұдан әрі – Қор) келіп түсетін өтініштер мен өтінімдерді қарастыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қордың Жарғысына және Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы 26 наурыздағы № 54 шешімімен бекітілген Қордың қайырымдылық көмек көрсету ережелеріне (бұдан әрі – ҚК Ережелері) сәйкес әзірленді.

1.2. Ережелер Қорға келіп түсетін өтініштер мен өтінімдерді қабылдау мен қарастырудың бірыңғай тәртібін реттейді.

1.3. Осы Ережелердің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) көмек алушы – Қор қызметінің бекітілген бағыттарына сәйкес қайырымдылық көмек алған тұлға;
- 2) оператор – өтінішті 1-кезеңде қарастыратын қызметкер;
- 3) модератор – өтінімді 2-кезеңде қарастыратын қызметкер;
- 4) документолог – Қорда қолданылатын электрондық құжат айналымы жүйесі;
- 5) өтініш – қайырымдылық көмек алу үшін жеке немесе заңды тұлғадан atamekenim.kz порталы арқылы электрондық нысанда немесе электрондық құжат айналымы арқылы Қорға жіберілген сұраныс;
- 6) өтінім – қайырымдылық көмек алу үшін бағдарламалардың/жобалардың іріктеу критерийлеріне сәйкес келетін сұраныс;
- 7) өтініш беруші – қайырымдылық көмек алуға Қорға өтініш жіберген жеке және заңды тұлға;
- 8) Қор жанындағы сараптамалық комитет – Сараптамалық комитет туралы ережеге сәйкес жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган.

Осы Ережелерде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының «Қайырымдылық туралы» заңында, Қордың Қамқоршылық кеңесінің 28.03.2022 ж. №6 шешімімен бекітілген ҚК ережелерінде және қайырымдылық көмек көрсету үшін жобалар мен бағдарламаларды іріктеу критерийлерінде (бұдан әрі – Іріктеу критерийлері) көрсетілген мәндерде қолданылады.

1.4. Қордың өтінімдерді қарау кезінде пайдаланылатын құжаттары:

- ҚК ережелері;
- Орфандық (сирек кездесетін) аурулар кезінде дәрілік препараттармен қамтамасыз ету шеңберінде қайырымдылық көмек көрсету қағидалары;
- Шетелге емделуге жіберу бойынша қайырымдылық көмек көрсету ережелері;
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің 26.06.2023 ж. № 38 шешімімен бекітілген «Қазақстан Республикасында онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» жобасына сәйкес «Онкологиялық аурулары бар азаматтарды дәрімен қамтамасыз етуді қаржыландыру» бағыты бойынша тәсілдемелер;
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің 28.03.2022 ж. № 6 шешімімен бекітілген қайырымдылық көмек көрсету үшін жобалар мен бағдарламаларды іріктеу критерийлері;

- қолданыстағы қайырымдылық бағдарламалар мен жобалар.

2-бөлім. Жеке және заңды тұлғалардан atamekenim.kz порталы және электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы келіп түсетін өтініштерді қабылдау және қарастыру тәртібі

1-тарау. Жалпы тәртіп

2.1.1. Өтініш берушілердің қайырымдылық көмек алуға арналған өтініштері Қорға:

- электрондық құжат айналымы жүйесі;
- atamekenim.kz. порталы арқылы жолданады.

2.1.2. Электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы келіп түскен өтініштер кіріс нөмірі берілетін кіріс құжат ретінде тіркеледі.

2.1.3. atamekenim.kz порталы арқылы келіп түскен жеке тұлғалардың өтініштеріне ID нөмір, заңды тұлғалардың өтініштеріне реттік нөмір беріліп, автоматты түрде тіркеледі.

2.1.4. Оператор өтініштерді «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры қызметінің Тұжырымдамасына, Іріктеу критерийларына және осы Ережелердің 1.4-тармағындағы құжаттарға сәйкес қарастырады.

2.1.5. Оператордың өтініштерді қарастыру мерзімі 15 жұмыс күнінен аспайды.

2-тарау. Жеке тұлғалардың өтініштерін бірінші кезеңде қарастыру тәртібі

2.2.1. Оператор жеке тұлғалардың өтініштерін қарастыруды осы Ережелерге №1 қосымшаға сәйкес өтініштің мәнінің, өтініш беруші туралы ақпараттың болуы бойынша жүзеге асырылады.

2.2.2. Мына өтініштер қарастырылуға жатпайды:

- 1) мәселенің мәні баяндалмаған болса;
- 2) мазмұны бойынша қайталанатын болса;
- 3) қауіп төндіру және/немесе балағат сөздер болса;
- 4) аноним тұлғадан болса.

2.2.3. Өтініш осы Ережелердің 2.1.4-тармағының талаптарына сәйкес келген жағдайда, оператор қолданыстағы бағдарламалар/жобалар және тәсілдер бойынша өтінімді atamekenim.kz порталы арқылы модераторға бұдан әрі қарастыру үшін жібереді.

2.2.4. Өтініш беруші құжаттар топтамасын толық бермеген кезде оператор өтінішті осы Ережелердің №1 қосымшасына сәйкес пысықтауға қайтарады.

2.2.5. Жеке тұлғалардың өтініштері осы Ережелердің 2.1.4-тармағының және №1 қосымшаның талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оператор өтінішті қабылдамайды және өтініш берушіні қайырымдылық көмек көрсетуден бас тарту туралы хабардар етеді.

3-тарау. Жеке тұлғалардың өтінімдерін екінші кезеңде қарастыру тәртібі

2.3.1. Модератор осы Ережелердің 2.1.4 және 2.2.3-тармақтарының талаптарына сәйкестігі бойынша бірінші тексеру кезеңінен өткен өтінімдерді жұмысқа қабылдайды.

2.3.2. Модератор қажет болған жағдайда өтінімді бұдан әрі жан-жақты және толық қарастыру үшін:

- 1) бейінді мамандарды тартуға;
- 2) қосымша ақпарат сұратуға құқығы бар.

2.3.3. Ұсынылған ақпаратқа қарай модератордың:

- 1) өтінімді пысықтауға жіберуге;
- 2) бас тартуға;
- 3) өтінімді алған сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде тар шеңберде мамандандырылған сұрақ бойынша қорытынды алу мақсатында мына жағдайларда:

- Осы Ережелердің 1.4-тармағына сәйкес бекітілген қолданыстағы бағдарламаларға/жобаларға сәйкес болса;

- Қордың басшылық органының Сараптамалық комитеттің қорытындысын алу қажеттілігі туралы Қордың басшылық органының шешімі болған кезде Сараптамалық комитеттің қарауына шығаруға құқығы бар.

2.3.4. Модератор өтінімді Сараптамалық комитетте қарағаннан кейін қысқа мерзімде ҚК бекітілген Ережелеріне сәйкес шешім қабылдау үшін материалдар шығарады.

2.3.5. Модератор 3 жұмыс күні ішінде Қордың басшылық органының шешімін өтініш берушіге хабарлайды.

4-тарау. Заңды тұлғалардың өтініштерін бірінші кезеңде қарастыру тәртібі

2.4.1. Оператордың заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыруы өтініштің іріктеу критерийлері мен ҚК ережелеріне сәйкестігінің, өтініштің мәнінің болуы бойынша жүзеге асырылады.

2.4.2. Оператор іріктеу критерийлеріне сәйкес өтінішті:

1) бекітілген нысан талаптарына және жарамдылық критерийлеріне сәйкестігі;

2) растайтын құжаттардың болуы бойынша техникалық критерийлерге сәйкестігі (ілеспе хат, бекітілген нысандағы өтініш, презентация және коммерциялық ұсыныстар (қажет болған жағдайда) бойынша тексереді.

2.4.3. Мына өтініштер қарастырылуға жатпайды:

- 1) мәселенің мәні баяндалмаған болса;
- 2) мазмұны бойынша қайталанатын болса.

5-тарау. Заңды тұлғалардың өтінімдерін екінші кезеңде қарастыру тәртібі

2.5.1. Модератор келіп түскен өтінімдерді қарастырады, ҚК ережелеріне,

осы Ережелердің №3 қосымшасындағы бағалау критерийлеріне сәйкес жалпы қорытынды дайындайды және Қордың басшылық органына қайырымдылық көмек көрсетудің мақсатқа сай /мақсатқа сай емес екені туралы шешім қабылдау үшін ұсынады.

2.5.2. Қордың басшылық органы:

1) қайырымдылық көмек көрсетудің мақсатқа сай екені туралы шешім қабылдаған жағдайда, модератор:

- бейінді мамандарды тартуға,

- осы Ережелердің 2.3.3-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда тар шеңберде мамандандырылған сұрақ бойынша қорытынды алу мақсатында өтінімді Сараптамалық комитеттің қарауына шығаруға.

- өтінім бойынша қосымша материалдар мен түсініктемелер алу үшін өтінімді қарау кезінде өтінім берушіні қатысуға тартуға;

- қосымша ақпарат сұратуға;

- пысықтауға жіберуге құқығы бар.

2) қайырымдылық көмек көрсету мақсатқа сай емес екені туралы шешім қабылдаған жағдайда, оператор қабылданған шешім туралы ақпаратты өтініш берушіге хабарлайды.

2.5.3. Модератор ҚК ережелеріне сәйкес қайырымдылық бағдарламасын/жобасын/тәсілдерін Қордың басшылық органының бекітуіне шығарады.

2.5.4. Модератор өтінім берушіге Қордың басшылық органының қабылдаған шешімі туралы ақпаратты қысқа мерзімде хабарлайды.

«Қазақстан халқына» ҚҚ-на келіп
түсетін өтініштер мен өтінімдерді
қарастыру ережелеріне
№1 қосымша

Нысан

**«Қазақстан халқына» Қоғамдық қорынан
қайырымдылық көмек алуға жеке тұлғадан өтініш**

| | | |
|--|---|---|
| 1. | ТАӘ | |
| 2. | ЖСН | |
| 3. | Телефон нөмірі | |
| 4. | Тұрғылықты мекенжайы | |
| 5. | Электрондық поштасы | |
| 6. | Көмек кімге қажет (өзіне/отбасы мүшесіне/сенімхат берушіге) | |
| 7. | ЖСН | |
| 8. | Жасы | |
| 9. | Телефон нөмірі | |
| 10. | Тұрғылықты мекен- жайы | |
| 11. | Сала | |
| 12. | Өтініш мәтіні | |
| 13. | Құжаттарды қоса беру: | |
| Қолданыстағы бағдарламалар/жобалар мен тәсілдер үшін: | | |
| | Шетелде емдеуге жіберуге (Балалар мен 35 жасқа дейінгі жастар арасында онкологиялық және онкогематологиялық аурулары бар) | «Қазақстан халқына» ҚҚ басқармасының 05.06.2024 ж. №19 шешімімен бекітілген Шетелге емделуге жіберу бойынша қайырымдылық көмек көрсету ережелеріне сәйкес порталға мына құжаттарды жүктеңіз: 1) жеке куәліктің, туу туралы куәліктің көшірмесі (қажет болған жағдайда); 2) шетелге емделуге жіберу көрсетімдері және ұсынылатын емдеу түрі көрсетілген республикалық бейінді медициналық ұйымның қорытындысы («Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ; «University Medical Center» корпоративтік қоры Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы; «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ; «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ; «Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық» АҚ); 3) диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса берілген) және консультациялардың нәтижелерін қамтитын республикалық медициналық ұйым берген, ескіру |

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>мерзімі 60 (алпыс) жұмыс күнінен аспайтын емделушінің ауру тарихынан (стационарлық/амбулаториялық) үзінді көшірме;</p> <p>4) шетелдік медициналық ұйымның деректемелері, ұсынылатын емдеу бағдарламасы және құны (бар болған жағдайда, өз бетінше емделуге барған жағдайда);</p> <p>5) емделуге өз бетінше барған жағдайда шетелдік клиникада көрсетілген қызметтерге ақы төлеуді растайтын құжаттар.</p> |
| | Протездерді алуға | <p>Порталға келесі құжаттарды жүктеңіз:</p> <p>1) жеке куәліктің, туу туралы куәліктің көшірмесі (қажет болған жағдайда);</p> <p>2) мүгедектік туралы анықтама;</p> <p>3) жеке оңалту бағдарламасы.</p> <p>Егер қайырымдылық көмек алушы бала болса (18 жасқа дейін):</p> <p>туу туралы куәліктің және жеке куәліктің көшірмелері</p> |
| | Дәрімен қамтамасыз етуге – орфандық аурулар | <p>Қор Басқармасының 19.01.2023 ж. №2 шешімімен бекітілген орфандық (сирек) аурулар кезінде дәрілік препараттармен қамтамасыз ету шеңберінде қайырымдылық көмек көрсету қағидаларына сәйкес Қор расталған қажеттілігі бар ДСБ-дан келіп түсетін өтінімдер негізінде орфандық (сирек) аурулар кезінде дәрілік препараттармен қамтамасыз етуді қаржыландыру бойынша қайырымдылық көмек көрсетеді. Осыған байланысты сіз тұратын жеріңіз бойынша ДСБ-ға хабарласуыңыз қажет.</p> |
| | Дәрімен қамтамасыз етуге – онкологиялық және онкогематологиялық аурулар | <p>Қазақстан Республикасында онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған Кешенді жоспардың жобасына сәйкес «Онкологиялық аурулары бар азаматтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қаржыландыру» бағыты бойынша тәсілдерге сәйкес Денсаулық сақтау басқармасы /Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық (ДСБ/ҰҒО) расталған қажеттілікпен келіп түскен өтінімдер негізінде. Осыған байланысты сіз тұратын жеріңіз бойынша ДСҰ-ға хабарласуыңыз қажет.</p> |
| | Қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек алуға | <p>Қамқоршылық кеңестің 25.02.2022 ж. №5 шешімімен бекітілген қайғылы қаңтар оқиғаларында зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қайырымдылық бағдарламасына сәйкес</p> |
| | Қордың білім беру гранттарын алуға | <p>Қамқоршылық кеңестің 26.04.2022 ж. №7 шешімімен бекітілген «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына сәйкес</p> |
| | Қолданыстағы бағдарламалар/жобалар мен тәсілдер тізбесіне кірмейтін өтініштер үшін | <p>Өтініштің мәнін растайтын құжаттар (бар болған жағдайда)</p> |

«Қазақстан халқына» ҚҚ-на
келіп түсетін өтініштер мен
өтінімдерді қарастыру
ережелеріне
№2 қосымша

Нысан

**Қайырымдылық жобасын немесе бағдарламасын іске асыруға
қатысу үшін заңды тұлғадан өтініш**

| | |
|---|---|
| 1 | Ұйымның атауы |
| 2 | Телефон нөмірі |
| 3 | Көмек көрсету аймағы |
| 4 | Электрондық пошта |
| 5 | Қызмет саласы |
| 6 | Келесі құжаттарды жүктеңіз: 1) ілеспе хат 2) бекітілген нысандағы өтініш 3) презентация 4) коммерциялық ұсыныстар |

«Қазақстан халқына» ҚҚ-на
келіп түсетін өтініштер мен
өтінімдерді қарастыру
ережелеріне
№3 қосымша

Нысан

**Жаңа бағдарламалар/жобалар үшін талдау және болжау орталығының заңды
тұлғаларының өтінімдері бойынша қорытындысы**

| | |
|---|--|
| Ұсынылған құжаттама: | |
| Құжаттаманы алу күні | |
| Қорытынды күні | |
| Жоба бойынша мәліметтер | |
| Бағдарламаның атауы | |
| Жобаның атауы | |
| Жобаның мақсаты | |
| Жобаның жалпы сомасы | |
| Сұралған сома | |
| Жобаға қатысушы | |
| Мемлекеттік мекеме | |
| Жобаға қатысушылар бойынша жалпы ақпарат | |
| Атауы | |
| Мәртебесі | |
| БСН | |
| Меншік нысаны | |
| Бастапқы тіркеу | |
| Соңғы тіркеу | |
| Қызмет саласы | |
| Өлшемдері | |
| Қызметкерлер саны | |
| Филиалдар | |
| Заңды мекен-жайы | |
| Сайт | |
| Email | |
| Директоры | |
| Құрылтайшылары | |

Қайырымдылық бағдарламаларын/жобаларын және тәсілдерін бағалау критерийі

| Критерий | Ұпайлар | Ескерту |
|--|---------|---------|
| Өзектілігі Қазіргі уақытта әлеуметтік бағдарламаның маңыздылығы мен уақтылығы | | |
| Аргументтігі Әлеуметтік бағдарламаның әлеуметтік пайдасы туралы бірнеше фактілермен мотивациялануы | | |
| Экономикалық негіздемесі Бағдарламаның тиімділігі және іске асырылуы. Сонымен қатар, экономикалық әлеуетке оң әсер етуі мүмкін | | |
| Өміршеңдігі Бірқатар қауіп факторларын жеңеді, жағымсыз жағдайлардың алдын алу арқылы сәтті жүзеге асырылады | | |
| Әлеуметтік маңыздылығы Әлеуметтік бағдарламаның қоғамдағы істердің барысына әсер ету қабілеті | | |
| Портфолионың болуы Сипаттамасы бар бұрын орындалған жұмыстардың тізімі | | |
| Презентациялардың болуы Әлеуметтік бағдарламаның негізгі мағыналарын көрсету | | |
| Іс-қимыл жоспарының болуы Бағдарламаны іске асыру үшін егжей-тегжейлі құрылымдалған жоспар | | |
| Тираждау мүмкіндігі Әлеуметтік бағдарламаны тарату мүмкіндігі. Сонымен қатар, мамандар тобының болуы және тираждау тәжірибесі | | |

| | | |
|--|--|--|
| | | |
|--|--|--|

Қатысушыларды қамауға алуға, банкроттыққа, сатып алуға және т.б. байланысты болатын қатерлер бойынша талдау

| | | | | | |
|-------------|--|----------------------------------|--|--|---|
| Заңды тұлға | Қамауға алу (тіркеу әрекеттеріне тыйым салу) | Банкроттық (банкроттар тізілімі) | Сатып алу (сатып алуға жосықсыз қатысушылардың әртүрлі тізілімдерінде тексеру) | Басшылар (алимент бойынша берешек, терроризмді қаржыландырумен байланысты, қылмыстық іздестіру және т. б.) | Құрылтайшылар (алимент бойынша берешек, терроризмді қаржыландырумен байланысты, қылмыстық іздестіру және т. б.) |
| | | | | | |

Салық

| | | | | | |
|-------------|------|------|------|------|------|
| Заңды тұлға | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
| | | | | | |

Ашық көздерден тауарлар, қызметтер және жұмыстар бағаларын талдау

| | | |
|-------------|----------------------|-----------|
| Тауар атауы | Тауар құны, теңгемен | Қорытынды |
| | | |

ӨӨҚБ-ның Тұжырымдамаға және Қор қызметінің бекітілген бағыттарына сәйкестігі туралы қорытындысы

| |
|--|
| |
|--|

Тиісті саладағы (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет, спорт) бар проблемаларды талдауға негізделген ұсынылатын бағдарламаның/жобаның өзектілігі туралы БЖБО қорытындысы

| |
|--|
| |
|--|

Жалпы қорытынды

| |
|--|
| |
|--|